7.2.18. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.


7.3. 4.1.29-тармақта көзделген міндеттеме орындалмаған жағдайда. Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны жұмыстарды орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдауды-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.4. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдардың алдында орындаушы өкілдерінің ҚР заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындауы мүмкін оқиғалар үшін, оның ішінде орындаушы қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін толық жауапты болады.

7.5. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы бұзылған жағдайда, осы Шарт бойынша қызмет көрсетуге байланысты барлық төлемдерді (айыппұл санкцияларын) Орындаушы жүргізеді.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс.





7.6.2. Тараптардың бірінің міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы өзара міндеттерді орындау және қарсы талаптарды қанағаттандыру кезінде екінші Тарапты өз міндеттерін орындаудан босатады.

7.6.3. Орындаушы ұсынған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс.

7.6.4. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.6.5. Тапсырыс беруші Тапсырыс берушіге келтірілген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың), Тапсырыс берушіге келтірілген залалдардың және орындаушылардың Тапсырыс берушіге төлеуіне жататын өзге де төлемдердің сомасын Орындаушыға тиесілі сомалардан өз пайдасына ұстап қалуға құқылы. Орындаушы Тапсырыс беруші Орындаушыға тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу үшін қойған шот-фактура көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біркелкі қарсы талаптарды есепке жатқызу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

7.6.6. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің қызмет көрсетуі үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.8. Тапсырыс беруші аудит күнін орындаушымен алдын ала келісе отырып, ҚР СТ 9001/ ISO 9001 талаптарын сақтау бөлігінде Орындаушының сапа менеджменті жүйесінің аудиттерін кедергісіз жүргізуге құқылы.

7.9. Тапсырыс беруші сапа менеджменті жүйесінің аудитін жүргізу кезінде сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда, Орындаушы анықталған сәйкессіздік сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы сәйкессіздіктерді жоюға және анықталған сәйкессіздіктердің себептерін жою жөнінде іс-қимыл жасауға міндетті.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Тараптар құпия ақпаратты үшінші тұлғалар алдында келтірілген залал мөлшерінде заңсыз жария еткені үшін жауапты болады.

7.12. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;


8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Шарт талаптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.





8.3.5. Тәртіптің 31 бабының 1 тармағында көрсетілген;

8.3.6. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде;

8.3.7. Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.4. Егер орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауға кіріспесе немесе міндеттемелерді соншалықты баяу орындаса, Тараптар келіскен мерзімге дейін аяқтау анық мүмкін болмайтындай, сондай-ақ Орындаушы/қосалқы мердігерлер жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқылы Орындаушы Тапсырыс берушінің ескертулерін жоймаса, Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары, Орындаушының шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбауы, Орындаушының өткізілген сатып алу нәтижелеріне және шарттық міндеттемелердің орындалуына әсер ететін дәйексіз ақпарат және/немесе жалған мәліметтер беруі, сондай-ақ орындаушы шартты өзге де елеулі бұзған жағдайда осы Шартқа №5 қосымшада көрсетілген талаптарды қайта бұзуы. Орындаушы шарттың елеулі бұзылуы деп Орындаушының осы Шарттан туындайтын Орындаушының міндеттемелерінің кез келгенін күнтізбелік 10 (он) күннен астам уақыт ішінде орындамауы немесе тиісінше орындамауы түсініледі.

8.5. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзу кезінде орындаушы шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

8.8. Шарттың 8.7-тармағында көрсетілген хабарламада шарттан бас тарту себебі көрсетілуі тиіс. Бұл ретте, Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша тараптар шартты бұзу күніндегі жағдай бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қоса бере отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша келісім ресімдеуі мүмкін, ал орындаушы көрсетілген құжаттарға қол қоюға және оларды өз мөрінің бедерімен бекітуге міндетті.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (эуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Шарт шартқа қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2025 жылға дейін, ал кепілдік қолдау, өзара есеп айырысу және құпия ақпаратты, жауапкершілікті, дауларды шешу тәртібін жария етпеу бөлігінде - олар толық және тиісінше орындалғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)





11.1. Егер орындамау, тиісінше орындамау немесе уақтылы орындамау еңсерілмейтін күштің Төтенше және сөзсіз жағдайларының (форс-мажорлық мән-жайлар) салдары болып табылса, Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамағаны үшін мүлдікті жауаптылықта болмайды.

11.2. Еңсерілмейтін күшке мыналар жатады: Дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, Тараптар бақыламайтын авариялар, пандемиялар, эпидемиялар, мемлекеттік органдардың немесе олар бақылайтын заңды тұлғалардың шартты орындау мүмкін настігіне ықпал еткен құқықтық актілері мен іс-әрекеттері.

11.3. Егер жоғарыда аталған мән-жайлардың кез келгені шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей әсер еткен болса, онда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері тиісті мән-жайлардың қолданылу уақытына ұзартылады.

11.4. Форс - мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда Тараптар дереу, бірақ олар басталған сәттен бастап 3 тәуліктен кешіктірмей жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың басталғаны, ықтимал қолданылу мерзімі және аяқталуы туралы бір-бірін жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.5. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда Тараптар туындаған жағдайға қатысты әділ шешім әзірлеу мақсатында, сондай-ақ оның шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері мен құқықтарына ықпалына қатысты келіссөздер жүргізу үшін дереу кездеседі.

11.6. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.7. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары өз қолданысын қатарынан 30 күнтізбелік күннен артық жалғастыратын болса, Тараптардың кез келгені шартты бұзу күніне дейін 30 күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты алдын ала хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Тараптар Шарт бұзылған күнге дейін 10 жұмыс күні ішінде Шарт бойынша өзара есеп айырысулар жүргізуге міндетті.

11.8. Жоғарыда көрсетілген форс-мажорлық мән-жайлардың және олардың ұзақтығының тиісті және жеткілікті дәлелі құзыретті органдар/ұйымдар беретін құжаттар болады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) жұмыс күні ішінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Даудың қаралатын орны – Павлодар қаласының соттарында.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.


13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын





бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Орындаушы осы Шарт бойынша әрекет ететін онымен үлестес барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы "үлестес тұлға" деп аталады), оның ішінде Орындаушының иелерінің, директорларының, лауазымды адамдарының, қызметкерлері мен агенттерінің шектеусіз осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.9. Орындаушы және барлық аффилирленген тұлғалар тікелей немесе жанама түрде мынадай әрекеттерді жасамауға міндеттенеді:

13.9.1. Бизнесі заңсыз алу, сақтау немесе жүргізу не ПМХЗ және оның аффилирленген тұлғалары үшін заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетпен байланысты кез келген тұлғаларға қандай да бір ақшалай қаражатты төлеуге, ұсынуға, уәде беруге. Не төлеуге немесе өзге де құндылықтарды (сыйлықтарды, ойын-сауық пен субсидияларды қоса алғанда) беруге.

13.9.2. Коммерциялық пара беруді және бизнесі жүргізудің өзге де заңсыз және заңсыз құралдарын қоса алғанда, коммерция саласында пара алуға тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасамау.

13.10. Орындаушы мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды адамдары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын саяси маңызы бар тұлғалары болмайды.

13.11. Орындаушы қандай да бір саяси маңызы бар тұлға шарт бойынша Орындаушының лауазымды адамы немесе қызметкері болған не Орындаушыға қатысудың тікелей немесе жанама үлесін алған барлық жағдайлар туралы ПМХЗ-ға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

13.12. Орындаушы қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие.

13.13. Орындаушы мен оның аффилирленген тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталған жоқ немесе оларды жасағаны үшін кінәлі деп танылған жоқ. Егер орындаушы немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай құқыққа қайшы әрекеттерді жасағаны үшін сотталса немесе жасағаны үшін кінәлі деп танылса, Орындаушы ПМХЗ-ға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

13.14. Орындаушы "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Іскерлік этика Кодексімен (бұдан әрі - ҚМГ) және ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатымен және оның ЕТҰ-мен ҚМГ ресми веб-сайтында танысқанын растайды. Орындаушы ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін және ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Саясатты және оның ЕТҰ - толық түсінетіндігін куәландырады.

13.15. Орындаушы осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда ПМХЗ-ға адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, оның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды тұлғаларына және басқа да үлестес тұлғаларға сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.


13.16. Орындаушы ПМХЗ қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ескертпе талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы ПМХЗ-ға уақтылы хабарлауға міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Орындаушы ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылған ҚМГ-ның "жедел желісін" пайдалануға міндетті.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

14.3. Құпиялылық туралы жоғарыда баяндалған және залалсыз міндеттемеге қарамастан, Тараптар өздерінің үлестес тұлғаларының, сондай-ақ Тараптардың Қаржы-шаруашылық қызметіне аудит жүргізетін тұлғалардың талап етуі бойынша осындай ақпаратты консультанттарға беруге құқылы. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз ашу нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген залал үшін Бір-бірінің





алдында жауап береді. Жауапкершілік туралы ережелер осы Шартқа қол қойылған күнгі не оның қолданылу кезеңіндегі мәліметтер не ақпарат Тараптардың кінәсінен болмаған немесе кеңінен белгілі болған жағдайларға қолданылмайды.

14.4. Осы бөлімнің ережелері Тараптардың әрқайсысына, сол сияқты Тараптардың штаттық персоналы болып табылатын барлық адамдарға, оның ішінде олармен еңбек құқықтық қатынастары тоқтатылғаннан кейін не олар келісімшарттар не еңбек келісімдері негізінде тартқан адамдарға және осындай мәліметтер мен ақпаратқа қол жеткізе алатын басқа да адамдарға құпия ақпаратты жария етпеу жөніндегі міндеттерді жүктейді.


15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы: (а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінң елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және





ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не тенге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не _____ жүзеге асыру Орындаушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны . («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша . жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

15.10. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалған, оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және 15.3-тармаққа сәйкес жасалған құжаттарды қоспағанда, Тараптардың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана жарамды болады. осы Шарттың

15.11. Осы шартқа қосымшалар оның ажырамас бөлігін құрайды.

15.12. Тапсырыс берушінің немесе Орындаушының мекенжайы немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тараптардың әрқайсысы тиісті өзгерістер туралы бір-бірін жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндеттенеді. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

15.13. Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

15.14. Осы Шартта көзделмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алатын болады.

15.15. Шарт бірдей заңды күші бар орыс және қазақ тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды.

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС
Павлодар облысы, Павлодар Қ.Ө., Павлодар қ.,
Химкомбинатовская, 1
BSN 001140000362
BSK HSBKKZKX
ЖСК KZ176010241000012293
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (718) 239-6009

BSN _____
BSK _____
ЖСК _____

Тел.: _____







Шарттың №1
қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚКС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
42 У	Ақпараттық жүйені қостау және техникалық қолдау көрсету бойынша қызмет көрсетулер, Ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер	Intron-D plus ақпараттық жүйесіне техникалық қызмет көрсету және техникалық қолдау қызметтері	1.000	1.000	-		95 631 000	ҚАЗАҚСТАН, Павлодар облысы, Павлодар Қ.Ө., Павлодар қ., ул. Химкомбинатовская, 1	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2025 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ p/c	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , теңгемен	Шартта елішілік құндылықты , %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.





Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{кесте 1}) + \sum 8(\text{кесте 2}) / 6 * 100\%$)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке услуг № _____

г. _____

«__» _____ 2025 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Павлодарский нефтехимический завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____, именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

